

**ЕРЕЖЕ**  
**«ЕСЖ» тауар биржасы» акционерлік қоғамының**  
**Мерзімді нарық жөніндегі комитеті туралы**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. «ЕСЖ» тауар биржасы» акционерлік қоғамының Мерзімді нарық жөніндегі комитеті туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауар биржасы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам/Биржа) Мерзімді нарық жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) құзыретін, функцияларын, қалыптастыру және қызмет тәртібін айқындайды.

1.2. Комитет Қоғамның тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады, оның қызметінің мақсаты – сауда-саттықты ұйымдастырушысы Қоғам болып табылатын ЕСЖ мерзімді нарығының (бұдан әрі – ЕСЖ мерзімді нарығы) жұмыс істеуінің біріздендірілген қағидаларын әзірлеу және осы нарыққа қатысушылардың мүдделеріне сай келетін өркениетті жұмыс жағдайларын жасау.

1.3. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қоғамның нормативтік құжаттарын, Қоғам Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комитеттің құзыреті**

2.1. Қызметінің мақсаттарын орындау үшін Комитет:

- Қоғамның Мерзімді нарық секциясындағы сауда қағидаларын, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды келіседі, сондай-ақ оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- Биржаның жаңа мүшелерін Мерзімді нарық секциясына қабылдау талаптарын және оларды шығару тәртібін келіседі, аталған талаптарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- белгіленген тәртіпке сәйкес Биржаның Мерзімді нарық секциясына жаңа мүшелерді қабылдау және Биржа мүшелерін осы секция құрамынан шығару туралы Қоғам Басқармасының төрағасына ұсынымдар дайындайды;
- ЕСЖ мерзімді нарығында сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі Қоғам қызметтеріне ақы төлеу тәртібі, тарифтерді, оның ішінде біржолғы және мерзімдік төлемдер мөлшерін айқындау мәселелері бойынша Қоғам Басқармасына ұсынымдар дайындайды;
- қажет болған жағдайда фьючерстік және опциондық келісімшарттардың ерекшеліктерін келіседі, жаңа фьючерстік және опциондық келісімшарттарды айналысқа енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- фьючерстік және опциондық келісімшарттардың айналысын тоқтату немесе тоқтата тұрғаннан кейін қайта бастау шарттары бойынша мәселелерді қарайды және ұсыныстар дайындайды;
- ЕСЖ мерзімді нарығында әдеп нормаларын белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

– Қоғам Басқармасының шешімдерімен жүктелген және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де функцияларды орындайды және өзге де мәселелерді қарайды.

### **3. Комитетті қалыптастыру және оның құрамы**

3.1. Комитет кемінде тоғыз мүшеден тұрады және Мерзімді нарық секциясындағы Биржа мүшелерінің өкілдерінен, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері өкілдерінен, сондай-ақ Қоғамның не оның еншілес ұйымдарының үш өкілінен қалыптастырылады.

3.2. Комитеттің құрамын Биржаның Директорлар кеңесі бір жыл мерзімге бекітеді.

3.3. Егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, Комитеттің әрбір мүшесі бір өкілмен ұсынылады және бір дауысқа ие болады.

3.4. Комитет құрамына кандидаттар тізіміне енгізілу үшін Биржа мүшесі Қоғам Басқармасының төрағасының атына өтініш береді.

3.5. Комитет мүшелігіне кандидаттардың өтініштерін қарау кезінде Мерзімді нарық секциясындағы сауда көлемінің көрсеткіштері неғұрлым жоғары Биржа мүшелеріне басымдық беріледі.

3.6. Комитетті Комитеттің бірінші отырысында Комитет мүшелерінің арасынан сайланатын және Қоғам Басқармасы бекітетін Төраға басқарады. Төраға болмаған кезеңде оның міндеттерін Комитеттің қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланатын отырысқа төрағалық етуші орындайды.

3.7. Комитет Төрағасы Қоғам Басқармасы Комитеттің жаңа Төрағасын бекіткенге дейін өз міндеттерін атқарады.

3.8. Комитет Төрағасы:

– Комитеттің қызметін жоспарлайды;

– Комитет отырыстарының күнін, орнын және өткізу нысанын айқындайды, күн тәртібін бекітеді;

– Комитет отырыстарына төрағалық етеді;

– өзі басқаратын Комитеттің жұмысы туралы Қоғам Басқармасына есеп береді, Комитет шешімдерінің орындалуын бақылайды;

– Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3.9. Комитеттің жұмыс істеуін және оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Комитет Төрағасы Қоғам атынан өкілдік ететін Комитет мүшелерінің қатарынан Комитеттің Атқарушы директорының кандидатурасын ұсынуға құқылы. Комитеттің Атқарушы директорының кандидатурасы Қоғам Басқармасында бекітілуге жатады. Комитет Төрағасы өз функцияларының бір бөлігін Комитеттің Атқарушы директорына жүктеуге құқылы.

3.10. Комитеттің Атқарушы директоры:

– Комитет отырысының күн тәртібін дайындайды;

– отырыстар арасындағы кезеңде бекітілген жоспарға және Комитет Төрағасының нұсқауларына сәйкес Комитет мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады;

– Комитет отырыстарына материалдар әзірлеуді қамтамасыз етеді, Комитет мүшелері мен шақырылған адамдарды отырыстың күні, орны, уақыты және өткізу нысаны туралы уақтылы хабардар етеді;

– хаттамалар мен қарарлардың жобаларын дайындайды;

- Комитет шешімдерін Биржа мүшелерінің назарына жеткізеді;
- Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3.11. Комитет мүшесі Комитет Төрағасына тиісті хабарлама жолдау арқылы оның құрамынан шығуға құқылы. Комитет мүшесін оның құрамынан шығару Қоғам Басқармасының ұсынуы бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

3.12. Комитет құрамынан шығару:

3.12.1. Комитет мүшесі Комитет отырыстарына жүйелі түрде қатысудан жалтарған жағдайда (оның өкілі Комитеттің күндізгі отырыстарына қатарынан үш және одан да көп рет қатыспаған кезде) Қоғам Басқармасы Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Директорлар кеңесінің алдында осы мүшені Комитет құрамынан шығару туралы өтінішхат беруге құқылы.

3.12.2. Биржа мүшесі Комитет құрамындағы мүшелігін тоқтату туралы өтініш беруге құқылы.

3.12.3. Ұйым Мерзімді нарық секциясындағы Биржа мүшелері қатарынан шығарылған жағдайда Комитеттегі мүшелік автоматты түрде тоқтатылады.

3.12.4. Комитет мүшесі Комитеттің ұсынуы негізінде Директорлар кеңесінің шешімімен Комитет құрамынан шығарылуы мүмкін.

#### **4. Комитеттің жұмыс тәртібі**

4.1. Комитет өз отырыстарын қажеттілігіне қарай, бірақ, әдетте, екі айда кемінде бір рет өткізеді.

4.2. Комитет отырысын өткізуге оның Төрағасы, Комитет құрамының кемінде үштен бірі болатын мүшелері, Комитеттің Атқарушы директоры және Қоғам Басқармасының төрағасы бастамашы бола алады.

4.3. Комитет отырысында шешім қабылдау үшін кемінде бес мүше қатысуға тиіс. Шешімдер отырысқа қатысып отырған Комитет мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

4.4. Дауыс беру кезінде Комитет мүшелерінің дауыстары тең бөлінген жағдайда Комитет Төрағасы шешуші дауысқа ие болады.

4.5. Комитет отырысының қорытындысы бойынша Комитет Төрағасы мен Комитеттің Атқарушы директоры қол қоятын хаттама ресімделеді.

4.6. Комитет шешімімен келіспейтін Комитет мүшелері өздерінің ерекше пікірін хаттамаға қосымша түрінде ресімдеуге құқылы.

4.7. Комитет шешімдері сауалнама жүргізу жолымен де қабылдануы мүмкін, бұл үшін сауалнама парақтары жиналуға не Комитет мүшелерінің кемінде жартысынан ets@ets.kz электрондық пошта мекенжайына шешіммен келісімі алынуға тиіс.

4.8. Жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Комитет құрылымында Комитет шешімімен Комитет қызметінің бағыттары бойынша жұмыс топтары құрылуы мүмкін. Жұмыс топтары әзірлеген шешімдер Комитет отырыстарында бекітілуге жатады.

#### **5. Құқықтары мен міндеттері**

5.1. Комитеттің:

- өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін коммерциялық немесе қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, Қоғамның ақпаратын пайдалануға және құжаттарды ұсынуды талап етуге;

- Комитет құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін Қоғам Басқармасына ұсыныстар енгізуге;
- Қоғамның басқа комитеттерімен және комиссияларымен бірлескен отырыстар шақыру бастамасын көтеруге;
- Комитет құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Басқармасының шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;
- қажет болған жағдайда Комитет отырыстарын дайындауға және өткізуге Қоғамның кез келген қызметкерлерін және тәуелсіз сарапшыларды тартуға;
- өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауға құқығы бар.

#### 5.2. Комитет:

- өз қызметін қолданыстағы заңнамаға және осы Ережеге қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға;
- ЕСЖ мерзімді нарығына қатысушылар, олардың клиенттері және Қоғам ұсынған құпия ақпараттың, сондай-ақ Қоғамның коммерциялық немесе қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтердің жария етілуіне жол бермеуге;
- Комитет қызметінің белгіленген тәртібін сақтауға міндетті.

#### 5.3. Комитет өзіне жүктелген міндеттерді уақтылы әрі білікті шешуге жауапты болады.

Директорлар кеңесінің төрағасы

Д.Б. Өткелбаев